

*Жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен зейнетақы жинақтарының сақталуына қатысты*

1998 жылы басталған Қазақстандағы зейнетақы жүйесін реформалау – ұрпақтар сабақтастығының әлеуметтік қағидатын сақтай отырып, дербес зейнетақы жинақтарына біртіндеп көшуді көздейді.

Қазіргі уақытта зейнетақымен қамсыздандыру республикалық бюджеттен төленетін ортақ және базалық зейнетақылардан, сондай-ақ жұмыскерлердің аударымдары есебінен қалыптасатын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (*бұдан әрі – БЖЗҚ*) зейнетақы төлемдерінен құралған.

2023 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу – болашақта зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайтуға айтарлықтай ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибе және біздің отандық практика (*1999 жылы зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша борыштар шамамен 39 млрд. теңгені құрады*) әртараптандырылған қаржыландыру көздері бар қазіргі көп компонентті жүйенің тұрақтылығын көрсетті.

Болашақта жинақтаушы компонент зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ететін жүйенің негізгі деңгейіне айналады. Оған қоса, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің демографиялық трендтері мен бюджет кірістеріне тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Соңғы 10 жылда БЖЗҚ зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 10 есеге, яғни 3 мыңнан 30 мың теңгеге дейін өсті. Бүгінде БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының көлемі 12,9 трлн теңгені құрайды, ал белсенді салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны 9 млн-ға жетіп қалды.

Сонымен қатар, мемлекет жыл сайынғы инфляцияны ескере отырып, зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік беретінін атап өткен жөн. Зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және олардың инвестициялық табыс деңгейін арттыру мақсатында Ұлттық Банк 2014 жылдан бері зейнетақы активтеріне сенімгерлік басқаруды жүзеге асырып келеді. Осы аралықта жинақталған инфляцияның шамасы 90,68% құраса, зейнетақы активтерінің жинақталған табысы 104,45%-ға жетті. Нәтижесінде мемлекеттік кепілдік төлемдері 12,8 млрд теңгеден 1,4 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Баяндалғанды ескере отырып, қолданыстағы көп деңгейлі зейнетақы жүйесін қалдыру орынды деп санаймыз.

*Зейнетақы жасын төмендетуге қатысты*

2018 жылдан бастап әйел адамдардың зейнеткерлік жасы жыл сайын 6 айға артып келеді. Осы үдеріс кезең-кезеңімен 10 жылда іске асырылады.

Зейнетақы жасын біріздендіру бюджет қаражатын үнемдеу үшін емес, сай зейнетақы мөлшерін қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Өзіңізге белгілі, қазақстандықтар бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақысын алады. Ынтымақты зейнетақы азаматтардың 1998 жылғы дейінгі

еңбек өтілі мен соңғы 3 жылдық табысы негізінде есептелінеді. Нәтижесінде жыл сайын бұл төлемнің түрі кемейіп, жинақтаушы зейнетақы үлесі өсетін болады. Сондықтан зейнет ақы жасын төмендету зейнетақы салымдарының көлемінің кемуіне және осы жүйеден берілетін төлемдердің де күрт қысқаруына алып келеді.

Бұл әлемдік практика, яғни өмір сүру ұзақтығына өсуіне байланысты зейнеткерлік жасын көтеру үрдісі дамыған мемлекеттерде де, көршілес Өзбекстан, Армения, Ресей, Беларусь елдерінде де қолға алынуда.

Осы өзгерістерді есепке ала отырып, елімізде зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттырудың жаңа шаралары пысықталуда. Олардың аясында:

1) зейнетақының мөлшерін арттыруды көздейтін зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне параметрлік өзгерістер енгізу;

2) инфляция деңгейінен 2%-ға аса отырып, ынтымақты зейнетақы мөлшерін индекстеуді сақтау;

3) жұмыспен қамту мәртебесіне байланысты зейнеткерлік жасқа жақындап қалған әйелдер үшін жаңа қолдау шараларын анықтау. Әлеуметтік жобаларға тарта отырып, жұмыс істемейтін әйелдердің зейнетақы жүйесіне қатысу мерзімін ұзарту;

4) зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің демографиялық трендтерге және бюджет кірістеріне тәуелділігін төмендетуге арналған жинақтаудың шартты компонентін енгізу көзделген.

Осы шаралар зейнеткерлердің барлық санаттары үшін зейнетақы төлемдерінің барабар мөлшерін қамтамасыз етеді.

#### Халықты жұмыспен қамтуға қатысты

Жұмыспен қамту әлеуметтік қорғаудың басты шарасы. Қазір жастарды жұмысқа тарту Үкіметтің басты назарында.

Өзіңізге мәлім, 2000 жылдан бастап 300-400 мың бала дүниеге келіп, ел демографиясы оңалды. Қазір олардың алғашқылары еңбекке жарамды жасқа жетіп, жұмыс күшінің 60%-ын құрап отыр, ал 2030 жылы олардың үлесі 80%-ға жетеді.

Яғни жастар үшін жыл сайын 1 млн.-ға жуық жұмыс орындары ашылуы тиіс. Сондықтан қолға алып отырған жаңа жұмыспен қамту саясаты еңбекке қабілетті азаматтарды табысты жұмыспен қамту үшін бастапқы тең жағдайлар жасауға бағытталып отыр. Олардың ішінде жастар үшін:

1) 10 ұлттық жоба аясында жыл сайын 100 мыңға жуық жастарды өндіріс орындарына жұмысқа орналастыру.

Бүгінде ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын 3 302 инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар электронды еңбек биржасына орналастырылды. Ондағы ашылатын жұмыс орындар барша қазақстандықтар үшін қолжетімді болып отыр.

Үстіміздегі жылдың 1-ші маусымында бұл жобаларға 118 мың адам жұмысқа тартылды, олардың тең жартысы жастар;

2) ауыл жастарын тұрғылықты жерлерінде жаппай жұмысқа тарту.

Жамбыл облысында пилотты түрде жүргізілген ауыл шаруашылығы коопреациясын жаппай құру нәтижелерін басқа өңірлерге оңтайландыру (тарату) басталды. Бұл жобаның аясында ауыл азаматтары үшін жеңілдетілген кредиттер

беру, жаппай жұмыс орындарын ашу және табысын көтеру мәселелері қарастырылып отыр;

3) Диломмен ауылға» және «Жастар практикасы» бағдарламаларын қайта қарау арқылы жастарды жергілікті жерлердегі кадр тапшылығын шешуге тарту жұмылдыру. Мұнда өңірлерге жұмысқа тартылған жастарға тек еңбек ақы емес, сонымен бірге жастар практикасы аясында үстемақы және дифференциаланған әлеуметтік пакет қарастырылып отыр.

4) жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау үшін гранттар бөлу. Биыл жастарға арналған 10 мың грант қаралуда, ал оның сомасы 1,2 млн. теңгеге жеткізілді.

5) «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы аясында жұмыс берушілермен бірге мектеп түлектерін және ҰБТ тапсырмағандарды жұмыспен қамту көзделеді.

Қаралып отырған шаралар жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру проблемаларын шешуге ықпал ететін болады.